



010000, Астанақаласы, Мәңгілік Ел даңғылы, 14
тел.: 8 (7172) 71 28 68, факс: 8 (7172) 30 18 65
www.prokuror.gov.kz

010000, город Астана, проспект Мәңгілік Ел, 14 тел.:
8 (7172) 71 28 68, факс: 8 (7172) 30 18 65
www.prokuror.gov.kz

02.05.2023 № 2-011203-23-34917

05.04.2023ж. №ДС-40

Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттары
Е. Бапиге
Р. Зайтовқа
Қ. Исаға
А. Құспанға

Боранбаев пен Намазбаевқа қатысты

Құрметті депутаттар!

Сіздің сотталғандар М.Боранбаев пен Д.Намазбаевқа қатысты қылмыстық іс бойынша өтінішхаттарыңыз қаралды.

Алматы қаласы Алмалы аудандық сотының 14.03.2022 жылғы заңды күшіне енген үкімімен Боранбаев (5 жыл 2 ай бас бостандығынан айыру) ұлттық алауыздықты қоздырғаны үшін (ҚК-нің 174-бабы 2-бөлігі) және Намазбаевпен (5 жыл бас бостандығынан айыру) бір топта билікті күштеп басып алуға шақырғаны үшін (ҚК-нің 179-бабы 2-бөлігі) сотталғаны анықталды.

Осы іс бойынша сіздер жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша сот актілерін қайта қарау туралы мәселе қойып отырсыздар.

Сонымен бірге жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша қылмыстық іс жөнінде іс жүргізуді қайта бастау тәртібі мен негіздері Қылмыстық-процестік кодекстің (бұдан әрі – ҚПК) 53-тарауымен реттеледі.

Бұл іс жүргізу қылмыстық процестің бір сатысы болып табылады және ол жерде үкім шығару кезінде сот білмеген мән-жайлардың болуы немесе болмауы туралы мәселе шешіледі.

ҚПК-нің 55-бабы 1-бөлігінің 4) тармақшасына сәйкес сот актілерін қайта қарау және жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша іс қозғау құқығы тек сотқа ғана тиесілі.

Сонымен қатар ҚПК-нің 499-бабының 2-бөлігі қылмыстық істі қайта бастау негіздерінің толық тізбесін көздейді.

Атап айтқанда, бұған сот үкімінде белгіленген жәбірленуші, куә, сарапшы қорытындысының жалғандығы, заттай дәлелдемелердің, тергеу

және сот іс-әрекеттерінің хаттамаларының бұрмаланғандығы, тергеушінің, судьялардың қылмыстық іс-әрекеттері, сондай-ақ сот үкім шығарған кезде ол туралы білмеген тексеру немесе тергеумен анықталған өзге де мән-жайлар жатады.

ҚПК-нің 502-бабына сәйкес қылмыстық процестің қатысушылары (сотталған, жәбірленуші, олардың қорғаушылары немесе заңды өкілдері) ғана жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша іс жүргізуді қозғау туралы өтінішхатпен жүгіну құқығына ие.

Бұл ретте, Боранбаев, Намазбаев және олардың қорғаушылары осы негіздермен жүгінбеген, яғни олар өздерінің іс жүргізу құқықтарын іске асырмаған.

Осыған байланысты сотталғандар үкім шығару кезінде сотқа белгісіз болған мән-жайларды көрсете отырып және олардың кінәсіздігі немесе онша ауыр емес қылмыстық құқық бұзушылықты жасағанын куәландыратын өтінішхатты сотқа не прокуратура органдарына дербес беруге құқылы екендігін түсіндіреміз.

**Қазақстан Республикасының
Бас Прокуроры**

Б. Асыллов